

АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 24-тарауында алдын ала тергеу жүргізудің жалпы шарттары реттеледі. Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 194-бабына сәйкес, алдын ала тергеу, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шығарылғаннан кейін басталады және айыптау қорытындысын жасау не қылмыстық істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберу туралы қаулы, не қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы шығарумен аяқталады (Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 195-бабы).

Алдын ала тергеу дегеніміз — бұл, уәкілетті органдардың заңмен белгіленген өкілеттік шегінде істің мән-жайының жиынтығын анықтау, белгілеу, бекіту және қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі сотқа дейінгі қызметінің іс жүргізу нысаны. Осыдан, біз алдын ала тергеудің келесідей белгілерін анықтаймыз: 1) табу; 2) анықтау; 3) бекіту; 4) қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауапқа тарту.

Табу мен анықтау барысында істің мән-жайлар жиынтығына, сезікті мен заттай дәлелдемелерге қатысты қажетті әрекеттер орындалады. Мәселен, іс бойынша сезіктіге қатысты келесідей әрекеттер жүргізіледі: тұрғын немесе мекенжайын анықтау үшін мекенжай бюросына (МЖБ) сұрау салынады; сезіктінің соттылығын анықтау үшін Бас прокуратура жанындағы Арнайы есепке алу және Құқықтық статистика комитетіне сұрау жіберіледі; психикалық ахуалын анықтау үшін облыстық психоневрологиялық диспансерге сұрау салынады; сезіктінің уытқұмарлық халін анықтау мақсатында облыстық наркологиялық диспансерге сұрау жіберіледі; сезіктінің жеке басын анықтау мақсатында, Ф-1 алу үшін көші-қон полициясына сұрау салынады және т. б. Осы секілді іске қажетті ақпараттар алу мақсатында сұрау салынатын мекемелер көп болғандықтан жіберілген сұрауларға жауап алу кезеңі көп уақытты талап етеді. Жүргізілген сұрауға сәйкес келесідей көрініс анықталды: Мәселен, тергеушілер мен анықтаушылар жалпы алғанда көші-қон полициясынан азаматтың Ф-1 нысандағы құжатын алу үшін екі күн, мекенжай бюросынан, психо- және наркодиспансерлерден жауап алу үшін бір-екі күн, соттылығы жөнінде мәлімет алу үшін үш (немесе одан да көп) күн жоғалтады. Сонда, тергеушілер мен анықтаушылар сұрауларға кем дегенде жеті күндерін жоғалтады, ал екі айдың тоғыз күні жексенбі күндері, яғни, қазіргі таңда алдын ала тергеудің шынайы уақыты (сараптама тағайындау мерзімін қоспағанда) 1,5 ай болып отыр. Уақыттың жетіспеушілігі алдын ала тергеу мерзімінің ұзартылуына әкеледі. Ал, ол өз кезегінде істің созбалануына, былықтануына әкеп соқтырады,

Біздің пікірімізше, осы сұрауларды интернет желісі арқылы алыс-беріс тәртібін анықтап, онымен толық қолдану уақыты келіп жетті. Қазіргі таңда «электронды үкімет» бар кезде, неге тергеуге қажетті «электронды сұрауларға» болмасқа? Қазіргі уақытта әрбір мемлекеттік ұйымдарда ғаламтор желісі бар екендігі анық. Осы мүмкіндікті пайдаланып, арнайы жасылма сөздер арқылы мекемелердің сұрауларға жауап беру мәселесін реттеу қажет. Мұндай «шаруашылық» аса көп қаржыны талап етпейді.

Осы тұрғыда біршама уақыт талап ететін кейбір тергеу әрекетін қарастырайық. Мәселен, куәдан жауап алу. Жауап алу мақсатында куәні жұмысынан мазалап, жол жүруге, күтуге байланысты уақытын жоғалтып тергеушіге келіп жауап берген маңызды ма, әлде, заңнамаға «қашықтықтан жауап алу» әдісін енгізіп, желі арқылы куә жұмысынан үйіне келген соң, өзіне қолайлы жағдайда жауап берген тиімді ме? Әрине, кез келген өзін құрметтейтін адам екінші нұсқаны таңдар еді. Егер, куә анықтаушы немесе тергеушінің талабына бағынбауымен көрінетін жағымсыз жағдай орын алса, онда іс жүргізуші тұлға аталмыш азаматты шақыртуға шара қолданып, оның жауаптылық мәселесін (Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 160-бабы) шешеді.

Тағы бір мысал. Алдын ала тергеу мерзімі екі ай. Осыған сәйкес, сезіктіге «қамау» түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалса, онда тергеу изоляторында орналасу мерзімі де екі ай болады. Осыдан, алдын ала тергеу мерзімінің адам (сезікті) өмірімен байланыстылығын байқауға болады. Яғни, қысқа мерзімділіктің маңыздылығы осында. Осыдан, сезіктінің іс бойынша өз кінәсіздігін дәлелдеп еркіндікке ерте шығу мүмкіндігі болады. Бұл орайда тергеушілердің істі созбалану фактілеріне жол бермеуін айта кету керек,

Қылмыстық іс жүргізуде алдын ала тергеуді заман талабына сай әрмен қарай жетілдіру, тиімділігі мен әсер ету ықпалын арттыру, сонымен қатар тергеуге байланысты әрекеттердің уақытты үнемдеп қысқа мерзімде орындалуын күшейту қазіргі таңда өзекті мәселе болып отырғандығы ақиқат. Қазіргі заман ғылыми техникалық прогрестің дамыған заманы. Дамыған техникалық құралдарды тер-

геумен ұштастырып, оның тиімді жақтарын игерсек бірқатар мақсаттарға жетер едік: Мәселен, ең бастысы азаматтардың уақытының үнемделуі, бюрократиялық сәттердің жойылуы, қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың алдын ала тергеуді құрметтеуді насихаттауы, іс жүргізудің созбалануы мен былықтануына бөгет болуы, сонымен қатар алдын ала тергеудің тиімділігін арттыруы.

Жоғарыда қарастырылған жағдайлар өз шешімін тапқан жағдайда алдын ала тергеудің тиімділігі толық арта түсуіне ешкім де кепіл бермейді. Алайда, «тоқтамас тамшы тасты теседі», демекші «тамшыдай» ойымызды ұшан «теңіздей» ғылымның бір бөлшегі болатындығына үміттенеміз.